


Қазақ хандығының қоғамдық
құрылымы және шаруашылығы
ХҮ-ХҮІІ ғ.ғ.



1. Ауылдық басқару

Бұл ұйым туыстас жақын бірнеше отбасынан құралады.

Ауылды басқаратын адамды *ауылнай* немесе *ауылбасы* деп атаған.

Міндеті:

- Ауылдастарының шаруашылығын басқару;
- Көші-қон уақытын белгілеу;
- Ауыл ішіндегі дау-жанжалдарды дұрыс шешіп отыру;
- Жоғарыдан келген бұйрықтарды өз уақытында орындар отыру.

2. Ата-аймақ.

Бір атадан тараған, жеті атаға дейінгі бірнеше ауылдан құралады.

Ата-аймақты басқаратын адамды **“ақсақал”** деп атаған.

Міндеті:

- Ата-аймақ ішіндегі неке мен отбасы, мұрагерлік пен енші т.б. мәселелерді шешуге құқылы болды.
- Жеті ата арасындағы дау-жанжалдарды реттеп, кінәлі жағын жазалады.

3. Рулық басқару.

Он немесе он бас аймақтан құралатын болған.

Руды басқаратын басшыны *ру биі* немесе *рубасы* деп атаған.

Міндеті:

- Ақсақалдарға ақыл-кеңес берген;
- Жоғарыдан келген бұйрықтарды өз уақытында орындар отыру.
- Өзінің рулық аймағында кездесетін дау-жанжал болса, оны әділдікпен шеше білген.

4. Ұлыстық билік.

Ұлыс бірнеше рудан құралады. Әр ұлыс өз жерінен жаугершілік жағдайда 10 мыңдық жасақ шығара алды. Ұлысты басқару **ұлыс сұлтанының** немесе **ханның** қолында болды.

Ұлысбасы хан немесе сұлтандар билер кеңесіне сүйенген.

5. Жүздік билік.

Жүз бірнеше ұлыстардан құралды. Жүздің биін *ордаби* деп атаған. Басқарушысы *хан*.

Міндеті:

Үш жүздің билері мемлекеттік мәселелерді шешуде ханға көмектесіп, ақыл-кеңес беріп отырған.

6. Хандық билік

Хандық үш жүзден құралады. Билеушісі **хан**. (Түркі дәуірінде оны **қаған** деп атаған). Хандар Шыңғыс әулетінен сайланған. Хандар ешбір руға жатпаған.

Міндеті:

- Елін, жерін сыртқы жаудан қорғауға міндетті;
- Әскери қолбасшылық етуге міндетті болды;
- қоғамдық құрылыс пен тәртіпті сақтауға міндетті;

7. Құрылтай (немесе Мәслихат)

Бүкіл қазақ ұлтының бас қосқан кеңесі.
Ел басына ауыр күн туғанда күрделі
мәселелерді талқылауға үш жүздің бас
көтерер азаматтары түгел қатынасады.

Міндеті:

Көрші елдермен соғысу немесе одақ құру
т.б. бойынша шешімді бекіту не бекітпеу
мәселесі қаралған.

Қазақ халқының әлеуметтік құрылымы



Салық

```
graph TD; A[Салық] --- B[Зекет – мал басынан ханға төленетін салық (малшылардан алынады)]; A --- C[Хараж – жер салығы (Егіншілер мен қолөнершілерден алынады)]; A --- D[Тағар - әскер үшін алынатын салық (Егіншілер мен қолөнершілерден алынады)];
```

Зекет – мал басынан
ханға төленетін салық
(малшылардан алынады)

Хараж – жер салығы (Егіншілер
мен қолөнершілерден алынады)


Тағар - әскер үшін
алынатын салық (Егіншілер
мен қолөнершілерден алынады)

Міндеткерліктер:

Сауын – кедейлердің байлардың малын уақытша алып, сүті мен жүнін пайдаланып, бағып күтіп, аман қайтару міндеті

Әскери міндет – әрбір қазақ сарбаз болып есептеліп, қажет кезде жорыққа шығу міндетті

Күтіп-бағу міндеткерлігі - ханның ұлыстарды аралаған кезде халықтың оны және нөкерлерін күту міндеті



1. Маусымды көші-қон дегеніміз не?
2. Маусымды көші-қон неше мезгілге бөлінеді?
3. Қыстау не себепті қазақ халқының негізгі тұрақты қоныстарының бірі болды?
4. Шаруалар қыстау үшін қандай жерлерді пайдаланған және не үшін?
5. Қыстаудағы қорық деген не және оны қандай мақсатта пайдаланған?
6. “Жұт” деген не?
7. Көшпелілерде “бай бір жұттық” деген мақал неге байланысты айтылған?
8. Қыстау мен көктеудің арасы не себепті ұзақ болмаған?
9. Жайлауда қазақтар қандай дәстүрлерді орындаған?
10. Қазақ халқының егіншілікпен айналысқанын дәлелдейтін қандай деректер бар?

Ғалымдар мен жазба әдебиетінің өкілдері

№	Авторлары	Еңбектері
1.	Рашид-ад-дин (1247-1318)	“Оғызнама”
2.	Жүсіп Баласағұни (1021-1075)	“Құтты білік”
3.	Махмұт Қашғари (1030-1090)	“Диуани-лұғат-ат түрік” (Түркі тілдерінің сөздігі)
4.	Қ.А. Иассауи (1103-1167)	“Диуани хикмет” (Даналық кітабы)
5.	Сүлеймен Бақырғани (XII ғ.)	“Дүниенің ақыры” (Ақыр заман)
6.	Ахмет Жүгенеки (Югнаки) (белгісіз)	“Хибат-ул-хакайк” (Шындық сыйы)
7.	Әбу Насыр әл-Фараби (870-950)	“Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы” ”“Ғылымдар энциклопедиясы”, “Даналықтың жауһарлары”, “Музыка туралы үлкен кітап”.
8.	Әбу Райхан әл-Бируни	“Астрономияның кілті”
9.	Қадырғали Жалайри (1530-1605)	“Жамиғат тауарих” (жылнамалар жинағы)
10.	Мұхамед Хайдар Дулати (1499-1551)	“Тарихи Рашиди”

“Тарих-и-Рашиди” еңбегінің құндылығы

Қазақ хандығының құрылуы
туралы мәліметтер

ХҮ-ХҮІ ғ.ғ қазақ-монғол хандықтарының
қарым-қатынасы

Қазақ-өзбек хандықтарының қарым-қатынасы

Қазақ хандығы мен қырғыздар арасындағы
қарым-қатынас

Қазақ-қалмақ, Монғол-қалмақ арасындағы
қарым-қатынас

Қазақ халқының этностық құрылымы

Жетісу аймағындағы қазақтардың әлеуметтік-
экономикалық жағдайы

Географиялық атаулар, қазақ халқының
тарихы жайлы деректер

Қазақ хандары тарихынан

Хандар	Билік құрған жылдары	Негізгі оқиғалар
Қасым хан	1511-1518 жж	• Монғол шапқыншылығынан кейін қазақ халқы бірінші рет барлық дерлік қазақ рулары мен тайпалары бір мемлекетке бірікті • Қазақ хандығындағы халық саны 1 млн-ға жетті • Алғаш рет орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды • Алғаш рет заңдар жинағы “Қасым ханның қасқа жолын” шығарды
Мамаш хан (Қамаш)	Өзара тартыс барысында қаза тапты	
Тақыр (Тахир)	1523-1533 жж	• Тақыр асқан қатыгездігімен ерекшеленді және дипломатиялық, әскери де таланты болмады. • Көрші мемлекеттердің шабуылы күшейді. • Сырдария бойындағы қалаларды қайтарып ала алмады.
Бұйдаш хан	1533-1534 жж	Қазақ хандығындағы өзара тартыстар тоқтаған жоқ. Осыны пайдаланған өзбек ханы Убайдуллах Моғолстан ханы Абдар Рашидпен соғыс одағын құрып, Жетісуда соғыс ашты. Қазақ әскері жеңіліп, Бұйдаш хан қашып құтылды.
Хақназар хан (Ақназар)	1538-1580 жж	• Қасым ханнан кейінгі тартыстан әлсіріп қалған хандықты қайтадан нығайтты. • Деректерде Хақназарды “қазақтармен қырғыздардың ханы” деп атайды. • Орыс мемлекетімен саяси және сауда байланыстары дамыды. • Хан билігі күшейді.